



«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ

**ХҚЕС (IAS) 34 «Аралық қаржылық есептілікке» сәйкес
қысқартылған аралық қаржылық ақпарат**

2023 жылғы 30 маусым

МАЗМҰНЫ

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТҚА ШОЛУ БОЙЫНША ЕСЕП

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТ

Қаржылық жағдай туралы қысқартылған аралық есеп	1
Пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы қысқартылған аралық есеп	2
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған аралық есеп	3
Ақша қаражатының қозғалысы туралы қысқартылған аралық есеп.....	4

Қысқартылған аралық қаржылық ақпаратқа ескертпелер:

1	Кіріспе	5
2	Қор өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта	5
3	Есеп саясаты қағидаттарының қысқаша мазмұны	6
4	Жаңа немесе қайта қаралған стандарттарға көшу	6
5	Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен кәсіби пайымдар	7
6	Ақша қаражаты және олардың баламалары	8
7	Қаржы мекемелеріндегі қаражат	10
8	Клиенттерге берілген несиелер мен аванстар	16
9	Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар	21
10	Өзге активтер	25
11	Қарыз қаражаты	26
12	Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер	27
13	Болашақ кезеңдердің кірістері және несиелік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв	27
14	Акционерлік капитал	28
15	Пайыздық кірістер мен шығыстар	28
16	Таза комиссиялық кірістер	29
17	Амортизацияланған құны бойынша бағаланған қаржы активтерін тануды тоқтатудан болған шығыстарды шегергендегі кірістер	29
18	Активтерді нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша бастапқы тану кезінде туындайтын таза залал	30
19	Пайдаға салынатын салық	30
20	Сегменттік талдау	30
21	Шартты және шарттық міндеттемелер	34
22	Қаржы тәуекелдерін басқару	37
23	Әділ құн туралы ақпаратты ашу	43
24	Байланысты тараптармен жасалатын операциялар	46
25	Есепті кезең аяқталғаннан кейінгі оқиғалар	49



Қысқартылған аралық қаржылық ақпаратқа шолу бойынша есеп

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Акционеріне, Директорлар Кеңесіне және Басқармасына:

Алғысөз

Біз «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның (әрі қарай – «Қор») 2023 жылғы 30 маусымдағы қаржылық жағдайы туралы қысқартылған аралық есептілігіне және сәйкесінше аталған мерзімде аяқталған үш және алты ай кезеңіндегі пайдалар немесе залалдар және өзге жиынтық табыстар, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы және ақшалай қаражатының қозғалысы туралы есептіліктеріне және тиісті түсініктеме ақпаратқа шолу жүргіздік. Басшылық аталған қысқартылған аралық қаржылық ақпаратын «Аралық қаржылық есептілік» Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) 34 сәйкес дайындауға және ұсынуға жауапты. Біздің міндетіміз бізбен өткізіген шолып тексеру негізінде аталған қысқартылған аралық қаржылық ақпараты бойынша қорытынды ұсыну болып табылады.

Шолып тексерудің көлемі

Біз шолуымызды «Мекеменің тәуелсіз аудитормен орындалған аралық қаржылық ақпараттарына шолу» 2410 Халықаралық шолу өткізу стандартына сәйкес өткіздік. Қысқартылған аралық қаржы ақпаратына шолу негізінен қаржы және бухгалтерлік есеп мәселелеріне жауапты тұлғаларға сауалнама жүргізуден, сонымен қатар шолу бойынша аналитикалық және өзге рәсімдерді өткізуден тұрады. Шолып тексерудің көлемі Халықаралық аудит стандарттарға сәйкес орындалатын аудит көлемінен айтарлықтай аз, сондықтан шолу аудит өткізу барысында барлық маңызды мәселелер бізге мәлім болатындығына сенімді болуға мүмкіндік бермейді. Сол себепті біз өзіміздің аудиторлық пікірімізді білдірмейміз.

Қорытынды

Өткізілген шолу нәтижелері бойынша, ұсынылған қысқартылған аралық қаржылық ақпарат, барлық маңызды аспектілерінде, «Аралық қаржы есептілік» Халықаралық қаржылық есептілік стандартына (ХҚЕС) 34 сәйкес дайындалмағандығын сендіретін ешқандай негіздер біздің назарымызға түспеді.

PricewaterhouseCoopers LLP.

1 тамыз 2023 жыл


Алматы, Қазақстан

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Қаржылық жағдай туралы қысқартылған аралық есеп

(мың қазақстандық теңгемен)	Ескер.	30 маусым 2023 ж. (аудиттелмеген)	31 желтоқсан 2022 ж.
АКТИВТЕР			
Ақша қаражаты және олардың баламалары	6	288,506,848	182,037,345
Қаржы мекемелеріндегі қаражат	7	220,363,544	214,943,399
Субсидиялау бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек		363,350	183,681
Клиенттерге берілген несиелер мен аванстар	8	1,781,956	2,600,024
Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар	9	37,281,371	19,329,708
Негізгі құралдар		2,182,458	2,324,753
Материалдық емес активтер		297,452	324,883
Пайдаға салынатын салық бойынша ағымдағы міндеттемелерді алдын ала төлеу		149,200	633,394
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер		716,660	39,262
Өзге активтер	10	3,820,362	5,064,529
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ		555,463,201	427,480,978
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Қарыз қаражаты	11	170,940,561	167,974,375
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар		1,244,178	1,244,178
Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер	12	106,091,680	4,913,288
Ағымдағы табыс салығы бойынша міндеттемелер	19	1,809,664	-
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	19	4,074,532	1,835,530
Болашақ кезеңдердің кірістері және несиелік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервтер	13	78,280,948	75,349,867
Өзге міндеттемелер		1,006,098	1,174,872
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		363,447,661	252,492,110
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	15	102,920,273	102,920,273
Қосымша төленген капитал		10,735,627	10,735,627
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздарды қайта бағалау қоры		(820,850)	(771,353)
Өзге де резервтер		316,430	316,430
Бөлінбеген пайда		78,864,060	61,787,891
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		192,015,540	174,988,868
МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		555,463,201	427,480,978

Басқарма атынан 2023 жылдың 1 тамызында қол қойылып, шығару үшін бекітілді.


 Бақытжан Мақажанов мырза
 Басқарма Төрайымының Орынбасары




 Айгүл Құсайынова ханым
 Бас есепші

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ

Пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы қысқартылған аралық есеп

(мың қазақстандық теңгемен)	Ескер.	Аяқталған алты ай		Аяқталған үш ай	
		30 маусым 2023 ж. (аудиттелмеген)	30 маусым 2022 ж. (аудиттелмеген)	30 маусым 2023 ж. (аудиттелмеген)	30 маусым 2022 ж. (аудиттелмеген)
Алынған, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептелген пайыздық кірістер	15	19,078,732	17,162,175	9,663,996	9,416,745
Басқа да ұқсас кірістер	15	3,442	21,844	1,722	9,136
Пайыздық шығыстар	15	(4,012,046)	(3,815,624)	(2,028,177)	(1,928,727)
Таза пайыздық маржа және ұқсас кірістер		15,070,128	13,368,395	7,637,541	7,497,154
Несиелік залалдарға арналған бағалау резервтеріндегі өзгеріс	7, 8, 9	5,016,933	1,140,948	5,645,073	2,707,243
Несиелік портфельдің құнсыздануына резерв құрылғаннан кейінгі таза пайыздық кірістер		20,087,061	14,509,343	13,282,614	10,204,397
Таза комиссиялық кірістер	16	14,620,637	11,068,868	7,465,159	5,558,604
Амортизацияланған құны бойынша бағаланған қаржы активтерін тануды тоқтатудан болған шығыстарды шегергендегі кірістер	17	1,167,041	31,579,596	151,916	14,099,780
Пайда және залал арқылы өділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздармен операциялар бойынша шығыстарды шегергендегі кірістер		(2,132)	12,665	(3,592)	12,059
Шетел валютасын қайта бағалаудан болған шығыстарды шегергендегі кірістер		(52,806)	111,384	4,965	(112,920)
Шетел валютасымен операциялар бойынша шығыстарды шегергендегі кірістер		(11,711)	(13)	(32)	(13)
Активтерді нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша бастапқы тану кезінде туындайтын таза залал	18	-	(3,267,258)	-	(3,016,513)
Қарыздық бағалы қағаздарды (құнсыздану)/ қалпына келтіруді өтеу		(39,416)	-	2,465	-
Несиелік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервті қалпына келтіру/(резервке аудару)		5,500,560	(6,200,837)	2,482,923	(2,462,290)
(Құнсыздану)/басқа активтер бойынша резервті өтеу		(95,653)	-	(58,891)	-
Басқа да операциялық кірістер		470,204	72,590	396,934	27,694
Қордың бағдарламаларын іске асыру бойынша шығыстар		(795,164)	(480,899)	(476,815)	(291,482)
Жалпы және өкімшілік шығыстар		(3,018,447)	(2,548,870)	(1,481,120)	(1,236,452)
Салық салуға дейінгі пайда		37,830,174	44,856,569	21,766,527	22,782,864
Пайдаға салынатын салық бойынша шығыстар	19	(7,337,623)	(8,706,621)	(4,215,894)	(4,422,134)
Кезең ішіндегі пайда		30,492,551	36,149,948	17,550,633	18,360,730
Өзге жиынтық кіріс:					
Басқа жиынтық табыс арқылы өділ құны бойынша бағаланатын инвестициялар:					
- (кірістерді шегергендегі шығыстар)/кезеңдегі шығыстарды шегергендегі кірістер		(49,497)	(588,865)	(225,302)	361,660
Кезең ішіндегі жиынтық кіріс жиыны		30,443,054	35,561,083	17,325,331	18,722,390

Екі аралық кезеңдегі пайда мен жиынтық кіріс толығымен Қор акционеріне тиесілі.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған аралық есеп

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Акционерлік капитал	Қосымша төленген капитал	Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын бағалы қағаздарды қайта бағалау қоры	Өзге де резервтер	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2022 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	102,920,273	10,735,627	26,956	316,430	27,349,498	141,348,784
Кезең ішіндегі пайда (аудиттелмеген)	-	-	-	-	36,149,948	36,149,948
Өзге де жиынтық кіріс (аудиттелмеген)	-	-	(588,865)	-	-	(588,865)
2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы жиынтық кіріс (аудиттелмеген)	-	-	(588,865)	-	36,149,948	35,561,083
Жарияланған дивидендтер (аудиттелмеген)	-	-	-	-	(17,521,673)	(17,521,673)
2022 жылғы 30 маусымдағы қалдық (аудиттелмеген)	102,920,273	10,735,627	(561,909)	316,430	45,977,773	159,388,194
2023 жылдың 1 қаңтарындағы қалдық.	102,920,273	10,735,627	(771,353)	316,430	61,787,891	174,988,868
Кезең ішіндегі пайда (аудиттелмеген)	-	-	-	-	30,492,551	30,492,551
Өзге жиынтық шығыс (аудиттелмеген)	-	-	(49,497)	-	-	(49,497)
2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы жиынтық кіріс (аудиттелмеген)	-	-	(49,497)	-	30,492,551	30,443,054
Жарияланған дивидендтер (аудиттелмеген)	-	-	-	-	(13,416,382)	(13,416,382)
2023 жылғы 30 маусымдағы қалдық (аудиттелмеген)	102,920,273	10,735,627	(820,850)	316,430	78,864,060	192,015,540

5-беттен 49-бетке дейінгі ескертпелер осы қысқартылған аралық қаржылық ақпараттың ажырамас бөлігі болып табылады.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Ақша қаражатының қозғалысы туралы қысқартылған аралық есеп

(мың қазақстандық теңгемен)	Ескер.	Аяқталған алты ай	
		30 маусым 2023 ж. (аудиттелмеген)	30 маусым 2022 ж. (аудиттелмеген)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты			
Алынған пайыздар		15,292,573	13,449,740
Төленген пайыздар		(764,613)	(764,284)
Алынған комиссиялар		22,158,047	27,823,829
Төленген комиссиялар		(68,061)	(55,488)
Өзге операциялық қызметтен түскен түсімдер		79,677	143,654
Еңбек ақы төлеу бойынша шығындар		(1,981,162)	(1,534,433)
Жалпы және өкімшілік шығыстар мен Қордың бағдарламаларын іске асыру бойынша төленген шығыстар		(2,035,785)	(1,802,848)
Төленген табыс салығы		(1,746,743)	-
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейін операциялық қызметтен алынған ақша қаражаты		30,933,933	37,260,170
Таза төмендеу/ (өсім):			
- басқа қаржы мекемелеріндегі қаражат бойынша		3,629,962	99,124,681
- клиенттерге бірілген несиелер мен аванстар бойынша		147,929	1,068,051
- өзге қаржы активтері бойынша		(4,498,519)	(1,097,512)
- өзге активтер бойынша		2,217,249	(110,182)
Таза өсім/(төмендеу):			
- басқа да қаржылық міндеттемелер бойынша (субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер)		105,489,176	49,533,849
- өзге де міндеттемелер бойынша		(40,802)	(66,071)
Операциялық қызметтен алынған таза ақша қаражаты		137,878,928	185,712,986
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаты			
Инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу		(29,252,202)	(17,831,242)
Инвестициялық бағалы қағаздарды сатудан және өтеуден түскен түсімдер		11,709,185	38,784,666
Негізгі құралдарды сатып алу		(7,562)	(19,759)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(18,306)	(5,723)
Сатуға арналған активтердің шығуынан түскен түсім		4,802	80,147
Инвестициялық қызметтен алынған/(пайдаланылған) таза ақша қаражаты		(17,564,083)	21,008,089
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражаттар:			
Қарыз қаражатының түсуі		1,700,000	1,450,000
Қарыз қаражатын өтеу		(1,965,418)	(3,768,839)
Төленген дивидендтер		(13,416,382)	(17,521,673)
Ұзақ мерзімді жалға алу		(96,174)	(85,379)
Қаржылық қызметтен пайдаланылған таза ақша қаражаты		(13,777,974)	(19,925,891)
Айырбас бағамы өзгерістерінің ақша қаражатына және олардың баламаларына әсері			
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларына күнсыздану резервіндегі өзгерістердің әсері		(244)	(228)
Ақша қаражатының және олардың баламаларының таза өсімі		106,469,503	186,813,378
Кезең басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	6	182,037,345	76,882,383
Кезең соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары		288,506,848	263,695,761

1 Кіріспе

Осы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі «Қор») қысқартылған аралық қаржылық ақпараты 2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін 34 аралық қаржылық есептілік халықаралық қаржылық есептілік стандартына (IAS) сәйкес дайындаған.

Қор Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 сәуірдегі № 665 қаулысына сәйкес құрылды. Қор Қазақстан Республикасы аумағында қаржылық қызмет көрсететін акционерлік қоғам, шағын және орта бизнесті дамытуды қолдау жөніндегі даму институты ретінде тіркелген және жұмыс істейді.

2023 жылғы 30 маусымдағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың 100% акционері «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (бұдан әрі – Жалғыз акционер). Қордың түпкілікті акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі. Байланысты тараптармен мәмілелер туралы ақпарат 24-ескертпеде таратылып жазылған.

Негізгі қызметі. Қордың негізгі қызметі – екінші деңгейлі банктер, микроқаржы ұйымдары және лизингтік компаниялар арқылы несиелендіру бағдарламалары шеңберінде қаржыландыру, пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау, кепілдік беру, консультациялық қолдау көрсету, ақпараттық-талдау материалдарын тарату. Қор Қазақстандағы шағын және орта бизнесті қаржыландыру үшін өзінің және қарыз қаражатын пайдаланады.

Қордың 20 аймақтық филиалы бар. Бас кеңсесі Қазақстанның Алматы қаласында орналасқан.

Заңды мекенжайы және қызмет атқаратын орны. Қор мына мекенжайда тіркелген: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Гоголь көш, 111.

Есепте басшылыққа алынған валюта. Бұл қысқартылған аралық қаржылық ақпарат, егер басқасы көрсетілмесе, Қазақстан теңгесінде ұсынылған.

2 Қор жұмыс істейтін экономикалық орта

Қазақстан Республикасы. Тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарықтың кейбір сипаттамаларын көрсетуде. Ол әсіресе ел экспортының негізгі бөлігін құрайтын мұнай мен газ және басқа да пайдалы қазбалар бағасының ауытқуына сезімтал. Бұл ерекшеліктерге қоса, бірақ олармен шектелмей, елден тыс жерде еркін айырбасталмайтын ұлттық валютаның болуы және бағалы қағаздар нарығындағы өтімділіктің төмен деңгейі бар. Жоғары инфляция, 2022 жылғы инфляция, қаңтардағы ішкі тәртіпсіздіктерден туындаған проблемалар, аймақтағы жалғасып жатқан саяси шиеленіс, валюта бағамының тұрақсыздығы Қазақстан Республикасының экономикасына, оның ішінде өтімділікті төмендетуге және қиыншылықтар туғызуға кері әсерін тигізді және тигізуі мүмкін.

2015 жылғы 20 тамызда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Үкіметі теңге бағамын қолдауды тоқтату және инфляциялық таргеттеу режиміне негізделген жаңа ақша-несие саясатын жүзеге асыру, валюталық дәлізді жою және еркін құбылмалы айырбас бағамына көшу туралы шешім қабылдады. Бұл ретте Ұлттық банктің валюталық саясаты қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін теңге бағамының күрт ауытқуына жол бермеу үшін интервенциялар жүргізуге мүмкіндік береді.

Осы есеп күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2022 жылғы 31 желтоқсандағы 1 АҚШ долларына 462,65 теңге ресми бағамымен салыстырғанда (2021 жылғы 31 желтоқсан: 1 АҚШ долларына 431,67 теңге) 1 АҚШ долларына 446,07 теңге болды. Осылайша, теңгенің айырбас бағамы мен Ұлттық Банк пен Үкіметтің алдағы іс-әрекеттеріне, сондай-ақ осы факторлардың Қазақстан Республикасының экономикасына ықпалына қатысты белгісіздік сақталуда.

2022 жылдың қыркүйегінде S&P Global Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі Қазақстанның егемендік рейтингін BBB- деңгейінде растады. Несие рейтингі болжамы сыртқы және қаржылық тәуекелдердің өсуі нәтижесінде «теріс» деңгейіне дейін төмендетілді. Fitch агенттігі Қазақстанның ұзақ мерзімді рейтингін «BBB» деңгейінде «тұрақты» болжаммен растады. Тұрақты болжам үкіметтің күшті фискалдық және сыртқы баланстарымен, мұнай кірістерінен жинақталған жинақтармен қамтамасыз етілген фискалдық икемділікпен, таза қаржылық кредиторлық позициямен және Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асыратын шаралар арқылы қолдау көрсетеді.

2 Қор жұмыс істейтін экономикалық орта (жалғасы)

2022 жылдың басында ішкі тәртіпсіздіктерге әкелген әлеуметтік шиеленістерге байланысты қиындықтар, Ресей мен Украина арасындағы қақтығыс салдары және одан кейінгі санкциялар негізгі экспортталатын тауарлардың жоғары бағасы мен мұнай өндіру көлемінің ұлғаюымен 2024 жылдан бастап Теңіз мұнай кен орны кеңейтіле бастағанда теңестіріледі. Сарапшылар болжамы бойынша, экономиканың өсу қарқыны шамамен 2022-2025 жылдары орта есеппен 3.6% болады.

Экономикалық орта Қордың қызметі мен қаржылық жағдайына айтарлықтай әсер етеді. Басшылық Қордың тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдауда. Дегенмен, ағымдағы экономикалық ортаның болашақ әсерін болжау қиын және басшылықтың алдағы күтулері мен бағалаулары нақты нәтижелерден өзгеше болуы мүмкін.

Еліміздегі экономикалық тұрақтылықтың келешегі көп жағдайда Үкімет қабылдаған экономикалық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ құқықтық, реттеуші және саяси жүйелердің дамуына, яғни мемлекеттің бақылауынан тыс жағдайларға байланысты.

Ағымдағы экономикалық ортаның ұзақ мерзімді әсерлерін болжау қиын және басшылықтың алдағы күтулері мен бағалаулары нақты нәтижеден өзгеше болуы мүмкін.

3 Есеп саясаты қағидаттарының қысқаша мазмұны

Есептілікті ұсыну негіздері. Бұл қысқартылған аралық қаржылық ақпарат ХҚЭС 34 (IAS) «Аралық қаржылық есептілік» Халықаралық стандартына сәйкес дайындалған және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЭС») сәйкес дайындалған 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі Қордың жылдық қаржылық есептілігімен бірге қаралуға тиіс.

Егер төменде өзгеше белгіленбесе, осы қысқартылған аралық қаржылық ақпаратты жасау кезінде 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Қордың жылдық қаржылық есептілігін жасау кезіндегідей бухгалтерлік есеп ережелері мен есептеу әдістері қолданылды.

Аралық кезеңдегі салықты есептеу. Аралық кезеңдегі табыс салығы бойынша шығыс күтілетін жылдық жиынтық табысқа қолданылатын тиімді салық мөлшерлемесі бойынша есептеледі, яғни аралық кезеңдегі салық салынғанға дейінгі пайдаға қолданылатын табыс салығының есептік орташа алынған жылдық тиімді мөлшерлемесі бойынша есептеледі.

4 Жаңа немесе қайта қаралған стандарттарға көшу

Төменде көрсетілген қайта қаралған стандарттар 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қор үшін міндетті болды:

- 17 ХҚЭС (IFRS) Сақтандыру шарттары (2017 жылдың 18 мамырында шығарылған және 2023 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- 17 ХҚЭС (IFRS) түзетулер және 4 ХҚЭС-қа (IFRS) түзетулер (2020 жылдың 25 маусымында шығарылған және 2023 жылдың 1 қаңтарынан немесе одан кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- 17 ХҚЭС (IFRS) қолданатын сақтандырушыларға арналған өтпелі опция – 17 ХҚЭС-қа Түзетулер (2021 жылдың 9 желтоқсанында шығарылған және 2023 жылдың 1 қаңтарынан немесе одан кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- 1 ХҚЭС және Тәжірибе туралы мәлімдеме ХҚЭС 2: «Есеп саясатын ашып көрсету» түзетулер (2021 жылдың 12 ақпанында шығарылған және 2023 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- 8 ХҚЭС (IAS) түзетулері: «Бухгалтерлік бағалауларды анықтау» (2021 жылдың 12 ақпанында шығарылған және 2023 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- Бір мәміле бойынша активтер мен міндеттемелер бойынша кейінге қалдырылған салық – 12 ХҚЭС (IAS) түзетулері (2021 жылдың 7 мамырында шығарылған және 2023 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- 12 ХҚЭС (IAS) «Табысқа салынатын салықтарға түзетулер: Халықаралық салық реформасы – екінші тірек үлгі ережелері» (2023 жылғы 23 мамырда шығарылған).

Бұл жаңа стандарттар мен түсіндірмелер Қордың қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер еткен жоқ.

4 Жаңа немесе қайта қаралған стандарттарға көшу (жалғасы)

2024 жылдың 1 қаңтарынан немесе одан кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін міндетті болатын және Қор елі ерте қабылдамаған бірқатар жаңа стандарттар мен түсіндірмелер жарияланды.

- 16 ХҚЕС (IFRS) «Жалдау: Сату және кері жалға алу бойынша жалдау міндеттемелеріне түзетулер» (2022 жылдың 22 қыркүйегінде шығарылған және осы күннен басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді, 2024 жылдың 1 қаңтары немесе осы күннен кейін басталады).
- Міндеттемелердің қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді болып жіктелуі – 1 түзетулері (бастапқыда 2020 жылғы 23 қаңтарда шығарылған және кейіннен 2020 жылғы 15 шілдеде және 2022 жылғы 31 қазанда түзетілген түзетулер осы күннен 2024 жылғы 1 қаңтардан немесе одан кейін басталатын жылдық кезеңде күшіне енеді).
- 7 ХҚЕС (IAS) «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» және 7 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету: жеткізушілермен қаржылық келісімдер» түзетулері 2023 жылғы 25 мамырда шығарылған).

Қор қазіргі уақытта түзетулердің қаржылық есептілікке әсерін бағалауда.

5 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен кәсіби пайымдар

Экономикалық ортадағы соңғы оқиғаларды көрсету үшін 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы жылдық қаржылық есептілікте жасалған бағалаулар мен пайымдаулар қайта қаралып, жаңартылды.

Күтілетін несиелік залалдарды бағалау. Күтілетін несие залалдарды бағалау 2022 жылғы 31 желтоқсандағы бірдей бағалау әдістемесі мен үлгілерін пайдаланатын, бірақ 2023 жылғы 30 маусымдағы жаңартылған мәліметтерді пайдаланатын маңызды бағалау. Несие залалы бойынша резервке келесі құрамдас бөліктер айтарлықтай әсер етеді: дефолт анықтамасы, несиелік тәуекелдің айтарлықтай артуы, дефолт ықтималдығы, дефолт тәуекеліне ұшырау және дефолт кезіндегі шығын сомасы, сондай-ақ макроэкономикалық сценарий, модельдер. Қор болжамды несиелік шығындар мен нақты несиелік шығындар арасындағы сәйкессіздіктерді азайту үшін үлгілер мен модельдік мәліметтерді жүйелі түрде қарастырып, растайды (22-ескертпе).

Қаржы мекемелеріндегі қаражат бойынша сезімталдықты талдау. 2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша дефолттың болжамды ықтималдығының 10%-ға ұлғаюы немесе азаюы күтілетін несиелік шығындарға арналған резервті 366,904 мың теңгеге (2022 ж. 31 желтоқсан: 982,234 мың теңгеге) ұлғайтады немесе азайтады.

Несиелік тәуекелдің едәуір ұлғаюы. Несиелік тәуекелдің елеулі ұлғаюының бар-жоғын анықтау үшін Қор есепті күндегі қаржы құралының қызмет ету мерзімі ішінде болған дефолт тәуекелін бастапқы тану күнінде орын алған дефолт тәуекелімен салыстырады. Бағалау процесі есепті күнгі несиелік тәуекелдің нақты деңгейін емес, несиелік тәуекелдің салыстырмалы өсуін қарастырады. Қор бірқатар факторларды, соның ішінде нақты клиенттік портфолиолардың мінез-құлық аспектілерін қоса алғанда, артық шығынсыз немесе күш жұмсамай қол жетімді барлық негізделген және қолдауға болатын болашаққа қатысты ақпаратты ескереді. Қор дефолтқа дейін несиелік тәуекелдің ұлғаюы белгілерін анықтайды және жеке құрал немесе портфель деңгейінде несиелік тәуекелді бағалауға тиісті болашаққа қатысты ақпаратты қосады (22-ескертпе).

Егер қаржы мекемелеріндегі барлық қорлар бойынша күтілетін несиелік шығындар қызмет ету мерзімі бойынша (яғни, қазіргі уақытта 1-кезеңдегілерді қоса алғанда және 12 айлық күтілетін несиелік шығындар ретінде) есептелген болса, 2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша күтілетін несиелік шығындардың резерві 6,972,190 мың теңге болған болар еді. (2022 жылғы 31 желтоқсан: 11,039,104 мың теңгеге өсті).

Қор стандартта келтірілген мысалдарды қарап шығып, келісім-шарт мәтініне кірмейтін заңнамадан ғана туындайтын сипаттамалар (кейбір елдердегі қарызды үлестік капиталға айырбастау ережелері сияқты), яғни заңнамада бұл сипаттамалар енді қолданылмайды, тек негізгі борыш пен пайыздарды төлеу үшін ақша ағындары жарамдылығын бағалау кезінде ескерілмеуі керек.

Қаржы активтерінің модификациясы. Қаржы активтері келісім-шарт талаптарына сәйкес өзгертілген кезде (мысалы, оларды қайта қарау нәтижесінде) Қор өзгертулердің маңыздылығын және бастапқы активті тануды тоқтатуға және жаңа активті тануға әкеп соқтыруы тиіс екенін бағалайды.

Бұл бағалау, ең алдымен, тиісті есеп саясатында сипатталған сапалық факторларға негізделеді және маңызды пайымдауды қажет етеді. Атап айтқанда, Қор қайта келісілген құнсызданған несиелік келісімдерді тануды тоқтату немесе жаңадан танылған қарыздарды бастапқы тану кезінде құнсызданған ретінде қарастыру қажет пе, жоқ па, соны шешуде пайымдаулар жасайды.

5 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен пайымдаулар (жалғасы)

Тануды тоқтату туралы шешім тәуекелдер мен пайдалардың, яғни күтілетін ақша ағындарының (келісімшарттық ақша ағындарынан гөрі) өзгерту нәтижесінде өзгеретініне байланысты. Басшылық мұндай несиелерге енгізілген өзгертулер тәуекелдер мен пайдаларды өзгертпейтінін анықтады, сондықтан, мәні бойынша, мұндай өзгертулер мен несиелердің барлығы да тану тоқтатылмаған немесе құнсыздану сатысынан қайта топтастырылмаған.

Шығарылған кепілдіктерді есепке алу. Шағын және орта бизнесті қолдау бағдарламалары аясында Қор шағын және орта бизнес субъектілеріне несие сомасының 85 пайызына дейін кепілдік береді. 2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша берілген кепілдіктер сомасы 408.505.485 мың теңге болды (2022 жылғы 31 желтоқсан: 379.112.302 мың теңге). Қаржылық кепілдіктер бойынша күтілетін несиелік шығындарды есептеу үшін Қор мерзімі өткен күндер санына негізделген көшірілген матрицаларын пайдалана отырып, дефолт ықтималдығын анықтайды. Қор көшірілген матрицаларды құрастыру кезінде Қор кепілдіктерін алған қарыз алушылардың жұмыс істейтін салаларын ескереді және осы салалардағы дефолт тәуекелдерін макроэкономикалық көрсеткіштермен салыстырады. Қор осы талдау кезінде келесі макроэкономикалық көрсеткіштерді пайдаланады:

- Brent маркалы мұнай бағасы;
- USD/KZT бағамы;
- Инфляция деңгейі;
- Жұмыссыздық деңгейі;
- ЖІӨ өсімі.

2022 жылғы 10 қаңтарда Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының «Төтенше жағдай салдарынан зардап шеккен жеке және заңды тұлғаларды қолдау шаралары туралы» бұйрығы шықты, оның шеңберінде төтенше жағдайдың енгізілуінен зардап шеккен жеке және заңды тұлғаларға несие бойынша төлемдерді кейінге қалдыру қарастырылған.

Мұндай кейінге қалдыруды сұраған компаниялар қатарында Қор қаржылық кепілдік берген шағын және орта бизнес өкілдері бар. Қор мұндай қайта құрылымдаулар несиелік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюын көрсетеді деп бағалайды, нәтижесінде бұл қаржылық кепілдіктер күтілетін несиелік шығындар моделінің 2-кезеңіне көшірілді. Егер қайта құрылымдаудан басқа несиелік нашарлаудың басқа факторлары болса, Қор бұл кепілдіктерді күтілетін несиелік шығын моделінің 3-кезеңіне енгізеді.

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша шағын және орта бизнеске берілген кепілдіктерге күтілетін несиелік шығындар 27,608,568 мың теңге болды (2022 жылғы 31 желтоқсан: 34,115,028 мың теңге).

6 Ақша қаражаттары мен олардың баламалары

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	30 маусым 2023 ж. (аудиттелмеген)	31 желтоқсан 2022 ж.
Талап етілгенге дейінгі банк шоттарындағы қалдықтар	155,517,367	34,547,136
Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аз сатып алу және кері сатып алу шарттары (кері РЕПО)	77,120,004	94,904,031
ҚРҰБ-дегі шоттар бойынша қалдықтар (міндетті резервтерден басқа)	55,939,995	52,589,572
Құнсыздануға арналған резервті шегергенде	(70,518)	(3,394)
Ақша қаражаты мен олардың баламаларының жиыны	288,506,848	182,037,345

6 Ақша қаражаттары мен олардың баламалары (жалғасы)

Талап бойынша банк шотындағы қалдықтар шағын және орта бизнесті субсидиялауға алынған қаражатты қамтиды. (12-ескертпе).

Төмендегі кестеде 2023 жылғы 30 маусымдағы жағдайдағы несие сапасы бойынша ақша қаражаттары мен олардың баламаларына талдау берілген:

<i>(мың Қазақстан теңгесі)</i>	Талап етілгенге дейінгі банк шоттарындағы қалдықтар	ҚРҰБ-гі шоттар бойынша қалдықтар	Кері РЕПО	Жиыны
<i>Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған</i>				
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі	-	55,939,995	-	55,939,995
- BBB- ден BBB+ дейінгі рейтинг бойынша	152,149,810	-	77,120,004	229,269,814
- BB- ден BB+ дейін рейтинг бойынша	1,621,191	-	-	1,621,191
- B-дан B+ дейін рейтинг бойынша	1,733,524	-	-	1,733,524
- рейтингі жоқ	12,842	-	-	12,842
Бағалау резервіне дейінгі ақша қаражатының және олардың баламаларының жиыны (аудиттелмеген)	155,517,367	55,939,995	77,120,004	288,577,366

Кері РЕПО операцияларының несиелік сапасы мәміле бойынша кепілге берілген бағалы қағаздардың рейтингісі негізінде анықталады.

Төмендегі кестеде 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша несие сапасы бойынша ақша қаражаттары мен олардың баламаларының талдауы берілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемемі)</i>	Талап етілгенге дейінгі банк шоттарындағы қалдықтар	ҚРҰБ-гі шоттар бойынша қалдықтар	Кері РЕПО	Жиыны
<i>Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған</i>				
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі	-	52,589,572	-	52,589,572
- BBB- ден BBB+ дейінгі рейтингімен	32,079,376	-	94,904,031	126,983,407
- BB- ден BB+ дейін рейтинг бойынша	668,189	-	-	668,189
- B-дан B+ дейін рейтингімен	1,160,211	-	-	1,160,211
- рейтингі жоқ	639,360	-	-	639,360
Бағалау резервіне дейінгі ақша қаражатының және олардың баламаларының жиыны	34,547,136	52,589,572	94,904,031	182,040,739

Несиелік рейтинг Standard & Poor's рейтингінің (егер бар болса) немесе Standard & Poor's рейтинг шкаласы бойынша ең жақын баламалы мәнге ауыстырылатын Moody's рейтингіне негізделген.

Рейтингі жоқ ақша шағын және орта бизнесті субсидиялау үшін алынған және коммерциялық банктерде орналастырылған қаражатты білдіреді. Қор басшылығы 9 ХҚЕС сәйкес құнсыздану резервін құрады. Байланысты тараптармен операциялар туралы ақпарат 24-ескертпеде берілген.

7 Қаржы мекемелеріндегі қаражат

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	30 маусым 2023 ж. (аудиттелмеген)	31 желтоқсан 2022 ж.
Қаржы мекемелеріне берілген несиелер	161,081,778	161,441,921
Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан асатын банктердегі депозиттер	50,037,395	50,090,033
Исламдық қаржыландыру бағдарламалары бойынша берілген несиелер	15,933,604	16,053,869
Несиелердің құнсыздануына резервті шегергенде	(6,689,233)	(12,642,424)
Қаржы мекемелеріндегі қаражат жиыны	220,363,544	214,943,399

Төменде 2023 жылғы 30 маусымдағы несие сапасы бойынша қаржы мекемелері берешектерінің талдауы берілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Қаржы мекемелеріне берілген несие	Исламдық қаржыландыру бағдарламалары шеңберінде берілген несие	Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан асатын банктердегі депозиттер	Жиыны
<i>Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған</i>				
Тәуелсіз халықаралық рейтингтік агенттіктердің рейтингтері:				
- BBB- ден BBB+ дейінгі рейтингімен	43,969,515	11,356,685	37,395	55,363,595
- BB- ден BB+ дейінгі рейтингімен	23,253,201	-	50,000,000	73,253,201
- B- ден B+ дейін рейтингімен	85,454,435	-	-	85,454,435
Қордың ішкі бағалауы:				
- Жақсы деңгей	2,719,846	-	-	2,719,846
- Қанағаттанарлық деңгей	5,445,673	4,576,919	-	10,022,592
Мерзімі өтпегендер және құнсызданбағандар жиыны	160,842,670	15,933,604	50,037,395	226,813,669
<i>Жеке құнсыздандырылған (жалпы сома)</i>				
- төлемі 360 күннен астам кешіктірілген	239,108	-	-	239,108
Жеке құнсызданғандардың жиыны (жалпы сомасы)	239,108	-	-	239,108
Құнсыздануға арналған резервті шегергенде	(6,499,217)	(26,340)	(163,676)	(6,689,233)
Қаржы мекемелеріндегі қаражат жиыны	154,582,561	15,907,264	49,873,719	220,363,544

7 Қаржы мекемелеріндегі қаражат (жалғасы)

Төменде 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша несиелік сапа бойынша қаржы мекемелеріндегі қаражатты талдау келтірілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Қаржы мекемелеріне берілген несие	Исламдық қаржыландыру бағдарламалары шеңберінде берілген несие	Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан асатын банктердегі депозиттер	Жиыны
<i>Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған</i>				
- ВВВ- ден ВВВ+ дейінгі рейтингімен	45,537,972	-	76,334	45,614,306
- ВВ- ден ВВ+ дейінгі рейтингімен	19,465,318	-	-	19,465,318
- В-дан В+ дейінгі рейтингімен	76,069,756	-	-	76,069,756
<i>Қордың ішкі бағасы:</i>				
- Жақсы деңгей	12,816,698	10,998,024	-	23,814,722
- Қанағаттанарлық деңгей	7,309,667	5,055,845	50,013,699	62,379,211
Мерзімі өтпегендер және құнсызданбағандар жиыны	161,199,411	16,053,869	50,090,033	227,343,313
<i>Жеке құнсызданғандар (жалпы сома)</i>				
<i>Мерзімі өткен</i>				
- төлемі 360 күннен астам кешіктірілген	3,402	-	-	3,402
Жеке құнсызданғандар (жалпы сома)	239,108	-	-	239,108
Жеке құнсызданған, жиыны (жалпы сома)	242,510	-	-	242,510
Құнсыздануға арналған резервті шегергенде	(7,479,490)	(196,882)	(4,966,052)	(12,642,424)
Қаржы мекемелеріндегі қаражат жиыны	153,962,431	15,856,987	45,123,981	214,943,399

Несиелік рейтинг Standard & Poor's (егер бар болса) немесе Moody's рейтингтеріне негізделген, ол Standard & Poor's-тің ең жақын эквивалентіне ауыстырылады. 2023 жылғы 30 маусымдағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша рейтингі жоқ қаржы мекемелерінен алынатын сомалар микроқаржы ұйымдары мен лизингтік компанияларға берілген қарыздарды білдіреді.

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Қорда 10,000,000 мың теңгеден асатын қаржы мекемелері берешегі бар жиынтық қалдықтары бар 6 контрагент банк (2022: 8 банк) болды. Қаржы мекемелері бойынша олардың жалпы жиынтық сомасы 168,036,287 мың теңгені (2022 ж.: 173,361,078 мың теңге) немесе басқа банктер бойынша берешектердің жалпы сомасының 76%-ын (2022: 81%) құрады.

Қаржы мекемелеріне берілген қаражаттың құнсыздануын қарастыру кезінде Қор ескеретін негізгі фактор оның мерзімі өту мәртебесі, сондай-ақ оның несиелік рейтингіндегі өзгерістер. Осыған сүйене отырып, Қор жоғарыда құнсызданған деп танылған қаржы мекемелеріне берілген қаражаттың ескіруіне талдау жасайды.

2023 жылдың бірінші жартыжылдығында бұрын таратылған банктер бойынша резервтерді өтеу болған жоқ, олардың міндеттемелері жүйеден тыс есепке алудан (бірінші жартыжылдықта) есептен шығарылған. 2022 ж.: бұрын таратылған, міндеттемелері жүйеден тыс есепке алудан есептен шығарылған банктер бойынша резервтерді өтеу болған жоқ). Қаржы мекемелерінен алынатын сомалардың әрбір санатының әділ құнын бағалау үшін 23-ескертуді қараңыз. Байланысты тараптармен мәмілелер туралы ақпарат 24-ескертпеде көрсетілген.

7 Қаржы мекемелеріндегі қаражат (жалғасы)

Төмендегі кестеде есепті кезеңнің басы мен соңы аралығындағы банктердегі депозиттердің жалпы баланстық құны мен несиелік шығындар бойынша резервтегі өзгерістер түсіндіріледі:

(мың қазақстандық теңгеммен)	Несиелік залалдарға арналған бағалау резерві		Жалпы баланстық құн	
	1 Кезең (12 ай үшін КНЗ.)	Жиыны	1 Кезең (12 ай үшін КНЗ.)	Жиыны
Банктердегі депозиттер				
2023 жылғы 1 қаңтарға Кезеңдегі несиелік залалдар үшін бағалау резервіне аударымдарға әсер ететін өзгерістер:	(4,966,052)	(4,966,052)	50,090,033	50,090,033
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған және күтілетін несиелік залалдарды бағалау моделінің жорамалдарындағы өзгерістер	4,802,372	4,802,372	35,810	35,810
Кезең ішінде тануды тоқтату	-	-	(2,191,917)	(2,191,917)
Кезеңдегі несиелік залалдар үшін бағалау резервіне аударымдарға әсер ететін өзгерістердің жиыны	4,802,372	4,802,372	(2,156,107)	(2,156,107)
Кезеңдегі несиелік залалдар үшін бағалау резервіне аударымдарға әсер етпейтін өзгерістер: Валюталарды қайта есептеу және өзге де өзгерістер	4	4	2,103,469	2,103,469
2023 жылғы 30 маусымға	(163,676)	(163,676)	50,037,395	50,037,395

Банктердегі депозиттер бойынша күтілетін несиелік шығындарды өтеу несиелік тәуекел сапасының жақсаруына байланысты. Атап айтқанда, 2023 жылғы маусымда «Бөйтерек» холдингінің еншілес ұйымы «Береке Банк» халықаралық Fitch агенттігінен тұрақты болжаммен «ВВ» ұзақ мерзімді рейтингін алды. Бұл факт күтілетін несиелік шығындарды өтеуге әкелді. 2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Қор контрагент бойынша дефолт ықтималдығын анықтау үшін «ВВ» рейтингін қолданды.

Төмендегі кестеде өткен есепті кезеңнің басы мен аяғына дейінгі банктердегі несиелік шығындар бойынша резервтің және депозиттердің жалпы баланстық құнының өзгерістері түсіндіріледі:

(мың қазақстандық теңгеммен)	Несиелік залалдарға арналған бағалау резерві		Жалпы баланстық құн	
	1-кезең (12 ай үшін КНЗ)	Жиыны	1-кезең (12 ай үшін КНЗ)	Жиыны
Банктердегі депозиттер				
2022 жылғы 1 қаңтарға Кезеңдегі несиелік залалдар үшін бағалау резервіне аударымдарға әсер ететін өзгерістер:	(9,234)	(9,234)	5,133,864	5,133,864
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған және күтілетін несиелік залалдарды бағалау моделінің жорамалдарындағы өзгерістер	-	-	2,138,623	2,138,623
Кезең ішінде тануды тоқтату	9,116	9,116	(7,278,976)	(7,278,976)
Кезеңдегі несиелік залалдар үшін бағалау резервіне аударымдарға әсер ететін өзгерістердің жиыны	9,116	9,116	(5,140,353)	(5,140,353)
Кезеңдегі несиелік шығындарды өтеу бойынша комиссияларға әсер етпейтін өзгерістер: Валютаны аудару және басқа да өзгерістер	(20)	(20)	54,429	54,429
2022 жылғы 30 маусым бойынша	(138)	(138)	47,940	47,940

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Қысқартылған аралық қаржылық ақпаратқа ескертпелер - 2023 жылғы 30 маусым

7 Қаржы мекемелеріндегі қаражат (жалғасы)

Төмендегі кестеде есепті кезеңнің басы мен соңы аралығында болған несиелік шығындар бойынша резервтің және қаржы мекемелеріне берілген несиелердің жалпы баланстық құнының өзгерістері түсіндіріледі..

	Несиелік залалдарға арналған бағалау резерві				Жалпы баланстық құн			
	1 Кезең (КНЗ 12 ай.)	2 Кезең (КНЗ барлық кезеңде несиелік тәуекелдің айтарлықтай өсуі)	3 кезең (КНЗ бүкіл кезеңдегі несиелік құнсызданған активтер үшін)	Жиыны	1-Кезең (КНЗ 12 ай.)	2 Кезең (КНЗ барлық кезеңде несиелік тәуекелдің айтарлықтай өсуі)	3 Кезең (КНЗ бүкіл кезеңдегі несиелік құнсызданған активтер үшін)	Жиыны
<i>(мың Қазақстан теңгесі)</i>								
Қаржы мекемелеріне берілген несиелер								
2023 жылғы 1 қаңтарға <i>Кезеңдегі несиелік залалдарды өтеу бойынша шығындарға әсер ететін өзгерістер:</i>	(2,702,193)	(4,461,367)	(315,930)	(7,479,490)	145,508,676	13,986,751	1,946,494	161,441,921
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған	(204,959)	-	-	(204,959)	11,087,640	-	-	11,087,640
Кезең ішінде тануды тоқтату	533,035	47,126	27,421	607,582	(13,060,599)	(255,312)	(1,036,971)	(14,352,882)
Күтілетін несиелік залал моделінің болжамдарындағы өзгерістер	449,017	128,575	-	577,592	-	-	-	-
Дисконт құнсыздануы	(212)	(44)	314	58	2,180,166	262,010	462,923	2,905,099
2023 жылғы 30 маусымға	(1,925,312)	(4,285,710)	(288,195)	(6,499,217)	145,715,883	13,993,449	1,372,446	161,081,778

1 кезеңдегі елеулі мойындауды тоқтату ресейлік банктердің еншілес ұйымдарының мерзімінен бұрын өтеумен байланысты. Өтеу кезінде аталған банктер бойынша несиелік тәуекелдің айтарлықтай өсуі анықталған жоқ, алайда, болашақта осы банктерге қатысты санкциялар тәуекелінің күшеюіне байланысты Қор алдын ала төлем туралы өтініш берді, аталған банктер оны орындады. 2-кезеңде тануды тоқтату Қордың құжаттарды уақтылы ұсынуға қатысты талаптарын бұзған бір банктің мерзімінен бұрын өтеуіне байланысты болды, бұл осы банк үшін тәуекелдің қосымша өсуі ретінде қарастырылды, бұл Қорды қарызды мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге итермеледі.

7 Қаржы мекемелеріндегі қаражат (жалғасы)

Төмендегі кестеде өткен есепті кезеңнің басы мен соңы аралығында болған несиелік шығындар бойынша резервтегі және қаржы мекемелеріне берілген несиелердің жалпы баланстық құнының өзгерістері түсіндіріледі.

	Несие шығындарын бағалау резерві				Жалпы баланстық құн			
		2 Кезең (КНЗ барлық кезеңде несиелік тәуекелдің айтарлықтай өсуі)	3 кезең (КНЗ бүкіл кезеңдегі несиелік құнсызданған активтер үшін)	Жиыны	1 кезең (КНЗ 12 ай)	2 Кезең (КНЗ барлық кезеңде несиелік тәуекелдің айтарлықтай өсуі)	3 Кезең (КНЗ бүкіл кезеңдегі несиелік құнсызданған активтер үшін)	Жиыны
(мың қазақстандық теңгемен)								
Қаржы мекемелеріне берілген несиелер								
2022 ж. 1 қаңтардағы жағдай бойынша	(3,349,049)	(6,677,131)	(385,441)	(10,411,621)	197,108,830	27,890,939	3,752,905	228,752,674
<i>Кезеңдегі несиелік шығындарды өтеу бойынша шығындарға әсер ететін өзгерістер:</i>								
Аударылған:								
- құнсызданған активтерге (1 және 2 кезеңнен 3 кезеңге дейін)	260,050	(240,546)	(19,504)	-	(711,654)	478,223	233,431	-
Жаңадан жасалған немесе сатып алынған	(855,577)	-	-	(855,577)	37,080,118	-	-	37,080,118
Кезең ішінде тануды тоқтату	783,153	2,286,954	30,944	3,101,050	(97,816,851)	(14,881,676)	(1,225,690)	(113,924,216)
Күтілетін несиелік шығын моделі болжамдарындағы өзгерістер	523,794	453,848	21,447	999,090	-	-	-	-
Дисконт құнсыздануы	(43,855)	(3,159)	(3,636)	(50,650)	2,012,220	243,000	279,683	2,534,903
30 маусым 2022 ж.	(2,681,484)	(4,180,034)	(356,190)	(7,217,708)	137,672,664	13,730,485	3,040,329	154,443,478

7 Қаржы мекемелеріндегі қаражат (жалғасы)

Төмендегі кестеде есептік кезеңнің басы мен соңы аралығындағы исламдық қаржыландыру бағдарламалары арқылы берілген несиелік шығындар бойынша резерв пен жалпы баланстық құндағы өзгерістер түсіндіріледі..

(мың қазақстандық теңгемен)	Несиелік залалдарға арналған бағалау резерві		Жалпы баланстық құн	
	1 Кезең (ҚНЗ 12 ай.)	Жиыны	1 Кезең (ҚНЗ 12 ай.)	Жиыны
Исламдық қаржыландыру бағдарламалары бойынша берілген несиелер				
2023 жылғы 1 қаңтарға	(196,882)	(196,882)	16,053,869	16,053,869
<i>Кезеңдегі несиелік залалдарды өтеу бойынша шығындарға әсер ететін өзгерістер:</i>				
Жаңадан жасалған немесе сатып алынған	-	-	-	-
Кезең ішінде тануды тоқтату	289,703	289,703	(120,265)	(120,265)
Күтілетін несиелік шығын моделінің болжамдарындағы өзгерістер	(119,161)	(119,161)	-	-
Басқа өзгерістер	-	-	-	-
2023 ж. 30 маусым бойынша	(26,340)	(26,340)	15,933,604	15,933,604

Төмендегі кестеде өткен есепті кезеңнің басы мен соңы аралығындағы исламдық қаржыландыру бағдарламалары бойынша берілген несиелік шығындар бойынша резерв пен жалпы баланстық құндағы өзгерістер түсіндіріледі.

(мың қазақстандық теңгемен)	Несиелік залалдарға арналған бағалау резерві		Жалпы баланстық құн	
	1 Кезең (ҚНЗ 12 ай.)	Жиыны	1 Кезең (ҚНЗ 12 ай.)	Жиыны
Исламдық қаржыландыру бағдарламалары бойынша берілген несиелер				
2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша	(286,980)	(286,980)	16,125,258	16,125,258
<i>Кезеңдегі несиелік залалдарды өтеу бойынша шығындарға әсер ететін өзгерістер:</i>				
Жаңадан жасалған немесе сатып алынған	(7,297)	(7,297)	410,000	410,000
Кезең ішінде тануды тоқтату	3,770	3,770	(214,286)	(214,286)
Күтілетін несиелік шығын моделі болжамдарындағы өзгерістер	90,917	90,917	-	-
Басқа өзгерістер	3,527	3,527	(54,918)	(54,918)
2022 ж. 30 маусым бойынша	(196,063)	(196,063)	16,266,054	16,266,054

8 Клиенттерге берілген несиелер мен аванстар

(мың қазақстандық теңгемен)	30 маусым 2023 ж. (аудиттелмеген)	31 желтоқсан 2022 ж.
Төленген кепілдіктер бойынша дебиторлық берешек	5,073,526	4,112,681
Шағын және орта кәсіпорындарға несиелер	2,517,253	3,351,788
Несие портфельдің құнсыздануына арналған резервті шегергенде	(5,808,823)	(4,864,445)
Клиенттерге берілген несиелер мен аванстар жиыны	1,781,956	2,600,024

2022 жылы Қазақстандағы ресейлік банктердің еншілес ұйымдарына санкция салу тәуекелінің күшеюіне байланысты Қор осы банктерге орналастырылған қаражатты қысқарту шараларын қабылдады. Осы шаралардың бірі банктердің Қор алдындағы борышын өтеу кезінде осы банктердің портфельдері бойынша талаптарды Қорға беру болды.

